«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС мәжілісінің 2025 жылғы 06 қазанындағы ҚАУЛЫСЫ

1. «2024-2025 оқу жылының қорытындысы және 2025/2026 жылына білім алушыларды университетке қабылдау нәтижелері туралы.

Академиялық қызмет жөніндегі проректор Б.М.Нарбекованың «2024-2025 оқу жылының қорытындысы және 2025/2026 жылына білім алушыларды университетке қабылдау нәтижелері туралы» баяндамасын тыңдап, талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1.1 Академиялық қызмет жөніндегі проректор Б.М. Нарбекованың «2024-2025 оқу жылының қорытындысы және 2025/2026 жылына білім алушыларды университетке қабылдау нәтижелері туралы» тақырыбындағы ақпараты назарға алынсын.

1.2 Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорына (*орындалу мерзімі – үнемі*):

- түлектердің оқуды аяқтағаннан кейін бірінші жыл ішінде жұмысқа орналасуы 90% төмен емес қамтамасыз етілсін;
- Сапаны қамтамасыз ету басқармасы және Білім беру бағдарламаларын талдау департаментімен бірлесіп бағдарламалардың ұлттық рейтингінде кемінде 10 бірлік үздік үштікке кіруі қамтамасыз етілсін;
- бәсекеге қабілетті білім мен зерттеулерді қамтамасыз ету үшін жоғары білікті, академиялық кадрлар әлеуеті қалыптастырылсын;
- бейресми білім беру үшін академиялық кредиттерді есепке алу жүйесін әзірлеу бойынша жұмыстар жалғастырылсын (академиялық кредиттік банк);
- Ғылым департаментімен стартаптар, зерттеулер негізінде дипломдық жобаларды жүзеге асыруды қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізілсін;
- Сапаны қамтамасыз ету басқармасы білім алушылар арасында оқу үдерісі мен ПОҚ білім беру сапасына қатысты сауалнама жүргізсін (*орындалу мерзімі – желтоқсан, мамыр*).

1.3 Білім беру бағдарламаларын талдау департаментінің директорына:

- оқытудың икемді және инновациялық әдістерін, соның ішінде жобалық оқытуды енгізу, AI, виртуалды зертханаларды және онлайн платформаларды құру жұмысы үйлестірілсін (*орындалу мерзімі – үнемі*);
- Сапаны қамтамасыз ету басқармасымен бірлесіп білім беру бағдарламаларының жалпы санының кемінде 90 (%) халықаралық бағдарлама аккредитациясынан/рекредитациясынан өтуі қамтамасыз етілсін (*орындалу мерзімі – наурыз, 2026ж.*);
- жаңа мамандықтар атласына және жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес келетін білім беру бағдарламалары жаңартылсын және енгізілсін (жасанды интеллект, киберқауіпсіздік, ESG және тұрақты даму) (*орындалу мерзімі – үнемі*);
- онлайн және аралас форматта микробіліктілік пен нано-дәрежелер бағдарламасын енгізу бойынша жұмыс жүргізілсін (*орындалу мерзімі – үнемі*);
- студенттер мен мамандар үшін оқудың икемділігін және өмір бойы білімге қол жеткізуін қамтамасыз ететін микрокредиттерді қоса алғанда, өмір бойы білім беру экожүйесі құрылсын (*орындалу мерзімі – сәуір, 2026 ж.*);
- қосымша білім беру қызметтерінің ауқымын кеңейту және қосымша білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу және студенттерді тарту бойынша жұмысы күшейтілсін (*орындалу мерзімі – үнемі*);
- Білім беру бағдарламаларын жаңғырту: оқу жоспарларын жұмыс берушілердің қатысуымен қайта қарау, заманауи модульдер (цифрлық технологиялар, инклюзивті білім беру, soft skills) енгізілсін (*орындалу мерзімі – үнемі*).

1.4 Педагогикалық инновациялар орталығына:

- «Зерттеуге бағдарланған білім беру» тәсілін енгізе отырып, студенттеріне арналған әдістемелік семинарлар сериясын өткізілсін (*орындалу мерзімі – қазан-қараша, 2025 ж.*);

- бітіруші курс студенттерімен Lesson Study мен Action Research форматындағы диплом жобаларын талқылау қамтамасыз етілсін (*орындалу мерзімі – үнемі*);
- университетте Action Research және Lesson Study бағытында менторлық және өзара оқыту жүйесін қалыптастыру: «ментор-зерттеуші» санатындағы оқытушыларды педагогикалық тұрғыдан қолдау жүзеге асырылсын (*орындалу мерзімі – қантар-ақпан, 2026 ж.*);
- «жасанды интеллектіні» оқу үдерісінде пайдалану механизмдері бойынша профессор - оқытушыларға арнайы курс ұйымдастыру (*орындалу мерзімі - қантар-ақпан, 2026 ж.*).

1.5 Факультет деканларына, институт директоры, құрылымдық бөлімше басшыларына, кафедра меңгерушілеріне:
- педагогикалық білім беруді дамыту тұжырымдамасында қойылған іс-шараларды жүзеге асыруды қамтамасыз етілсін (*орындалу мерзімі – үнемі*);
- педагогикалық бағыттағы бітіруші білім алушылардың ПББ тестілеуден өтуін қамтамасыз етілсін (*орындалу мерзімі – үнемі*);
- "ЖОО-колледж-мектеп" консорциумы шеңберінде жұмыс берушілерімен ынтымақтастықты дамыту жөніндегі жұмысты күшейтілсін (*орындалу мерзімі – үнемі*);
- Жасанды интеллектіні құрал ретінде қолдану технологияларын енгізілуі қамтамасыз етілсін (*орындалу мерзімі – үнемі*);
- факультеттер мен институттардың әдістемелік бюроларының жұмысы заманауи талаптарға сәйкес жүргізілсін (*орындалу мерзімі – үнемі*);
- Факультеттер жанынан жұмыс берушілер кеңестері құрылсын және тұрақты түрде жұмыс жасасын (*орындалу мерзімі – үнемі*);
- Дуалды оқыту мен тәжірибені дамыту: ақылы педагогикалық тәжірибеден және мамандық бойынша стажировкадан өтетін студенттер үлесі арттырылсын (*орындалу мерзімі – үнемі*)

1.6 Кәсіби бағдар және мансапты дамыту департаментіне:
- Кәсіби бағдар және мансапты дамыту департаменті университеттің қабылдау науқанын үйлестіретін жаңа Ереже мен кәсіби бағдар стратегиясын әзірлесін (*орындалу мерзімі – желтоқсан, 2025 ж.*);
- маркетингтік стратегияны дамыту және университет сайтын редизайн жүргізу жұмысын аяқтасын (*орындалу мерзімі – қараша, 2025 ж.*);
- бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша кәсіптік бағдар беру жұмысын заманауи үрдістерге сәйкес жүргізілсін (*орындалу мерзімі – үнемі*);
- әлеуметтік желіде университет брендін нығайту және ілгерілету үшін кең ақпараттық және имидждік саясатты жүргізілсін (*орындалу мерзімі – үнемі*);
- халықаралық байланыстар департаментімен бірге шетел азаматтарын тарту мақсатында географиясын кеңейту мен қандастарды шақыру туралы нақты жоспар жасалсын (*орындалу мерзімі – үнемі*).

1.7 Цифрландыру жөніндегі проректор Н.Б.Мусабаевка:
- онлайн оқыту платформасын, білім беру аналитикасын және есеп беру қызметтерін және цифрлық контент өндірісін жаңғырту бойынша жұмыс жалғастырылсын;

университеттің қабылдау комиссиясы барысындағы барлық үрдістерді цифрландыруға және жасанды интеллект агенттері арқыды жүргізу қамтамасыз етілсін (*орындалу мерзімі - қантар-ақпан, 2026ж.*).

2. 2025/2026 университет білім алушыларын жатақханамен қамтамасыз ету жұмыстарының нәтижесі.

Әлеуметтік даму жөніндегі проректор М.Жақауовтың «2025/2026 университет білім алушыларын жатақханамен қамтамасыз ету жұмыстарының нәтижесі» тақырыбындағы есебін тыңдай келе **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

2.1 М. Жақауовтың «2025/2026 университет білім алушыларын жатақханамен қамтамасыз ету жұмыстарының нәтижесі» туралы есебі қабылдансын.

2.2 Факультет деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына:

- Жалдамалы жатақханалардағы тәртіпті сақтау және білім алушыларға жайлы орта қалыптастыру мақсатында жұмыстар атқарылсын (*мерзімі -жыл бойы*)

3. «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының 3 жылдағы ұлттық рейтингіндегі Абай атындағы ҚазҰПУ нәтижелерін талдау.

Институционалдық тиімділік кеңсесінің жетекшісі Ж.Д.Габбасованың ««Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының 3 жылдағы ұлттық рейтингіндегі Абай атындағы ҚазҰПУ нәтижелерін талдау» тақырыбындағы баяндамасын тыңдап, талқылап, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

3.1 Институционалдық тиімділік кеңсесінің жетекшісі Ж. Габбасова дайындаған «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының 3 жылдағы ұлттық рейтингіндегі Абай атындағы ҚазҰПУ нәтижелерін талдау» аналитикалық есебі назарға алынсын.

3.2 Мансап орталығының жетекшісіне:

- түлектерді жұмыспен қамту деңгейін арттыру бойынша кешенді шаралар бекітілсін (*орындалу мерзімі – қазан, 2025 ж.*);
- базалық мектептермен және серіктес компаниялармен қосымша келісімдер жасалсын (*орындалу мерзімі – үнемі*);
- студенттерге «Дипломмен ауылға» бағдарламасы туралы белсенді ақпарат беру, өңірлерде жұмыс істеу үшін құжаттарды рәсімдеуге жәрдем берілсін (*орындалу мерзімі – үнемі*).

3.3 Стратегия департаментінің директорына:

- деканд ар мен кафедра меңгерушілеріне жұмыспен қамту бойынша KPI енгізілуге дайындық жұмыстары жүргізілсін (орындалу *мерзімі - 2025-2026 оқу жылы бойы).*

4. Университет Ғылыми кеңесінің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы

*Бас ғалым хатшы Ж.М.Битибаева*ның «Университет Ғылыми кеңесінің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы» баяндамасын тыңдай келе **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

4.1 Университет Ғылыми кеңесінің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.

5. Әртүрлі.

6. Осы қабылданған шешімдердің орындалуын қадағалау Академиялық қызмет жөніндегі проректор Б.М.Нарбековаға жүктелсін.

Ғылыми кеңес Төрағасы **Б.Тілеп**

Бас ғалым хатшы **Ж.Битибаева**